

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Алматыда дүниеге келді, ал «Novotel» «карантин командасы» отбасыға әдемі көрінісі бар жақсартылған бөлмені, жұмсақ ойыншық сыйға тартты [4]. Жаңа туған нәресте өзінің алғашқы күндерін қонақ үй қызметкерлермен өткізген. Осылайша қонақ үй қызметкерлері қысылтаяң шақта өз қонақтарының қасынан табылып, қонақ үй қызметінің сервисін жақсы жағынан таныта алған.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы қонақ үйлер сервисі бір-бірінен екшеленіп, өз даму жолын қалыптастыра алған әрі экономикалық кризиске қарамастан жағдайдан шығу жолдарын қарастырып, өз бетінше қонақтарды тарта білген. Жұмыс бабымен ел кезушіге де, отбасымен демалушыға да, достармен көңіл көтеруге де лайық арнайы қызмет түрлері өркендеп келеді. Пандемия жағдайында да қол қусырып отырмай, тұтынушылар үшін қауіпсіз қызмет ұсына білген қонақ үйлер сервисі мақтауға тұрарлық. Отандық қонақ үй бизнесі әлемдік жаналықтардан қалысар емес. Шетелге жүгірмей-ақ, отандық қонақ үйлер қызметін пайдалануға дағдылану керек. Сонда ғана қонақ үй сервисіне деген талап күшейіп, сұраныс артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Годовой отчет ОЮЛ «Казахстанская Ассоциация Гостиниц и ресторанов в форме объединения юридических лиц». Алматы, 2018.

2. Кудербаева М.К. Инновационное развитие гостиничного бизнеса Казахстана: Вестник КазНУ. Алматы, 2010.

3. Альбекова А. Лучано Соццо: «Наш отель – это не какой-то коробочный концепт» // inbusiness.kz, 2017.

4. Качалова Н. Как брендовые отели Казахстана возвращаются к обычной жизни // kursiv.kz, 2020.

5. Мир финансов. Выживание без гостей. Грозит ли банкротство казахстанским отелям // wfin.kz, 2020.

6. А. Никоноров. Итоги 2020 года на гостиничном рынке Казахстана // hoteliernews.ru, 2021.

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕРДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫ СИПАТТАЙТЫН КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ПОЗИЦИЯЛАРЫ

Рахметулина Ж.Б., Сулейменова А.О.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-сұлтан қ.

rahmetulina_zh@mail.ru

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Қазақстан, Өскемен қ.

Asel_1982_17@mail.ru

Экономиканың сапалы өсуі бизнес пен адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, технологиялық жаңғыртуға, институционалдық ортаны жетілдіруге, сондай-ақ адамның табиғатқа теріс әсерін азайтуға негізделуі тиіс [1]. Бұл ретте БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары маңызды бағыт болып табылады. Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық дамуы мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі болғандықтан, Қазақстан ғылымының шынайы жағдайын бағалау қажеттігі туындайды.

Ресей Федерациясында ғылыми-технологиялық даму стратегиясы ұлттың зияткерлік әлеуетін толық пайдалану есебінен елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге; зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу, ғылымды қажетсінетін бизнесті дамыту үшін жағдай жасауға; зерттеулер мен технологиялық даму саласындағы халықаралық интеграция моделін қалыптастыруға бағытталған [2].

Қазақстан мен Ресей, 2019 - Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілігі туралы баяндамасына сәйкес, әлемнің 141 мемлекетінің ішінде тиісінше 55 және 43-орынды алып отыр. Ресей 2018 жылғы сияқты бұрынғы позицияда қалды, ал Қазақстан өз рейтингін 4 тармаққа жақсартты, бұл, негізінен, макроэкономикалық тұрақтылық пен жедел технологиялық дамумен түсіндіріледі. Алайда, бүгінгі таңда мемлекеттер инновациялық критерийлердің тұтас жиынтығы бойынша басқа елдерден айтарлықтай артта қалып отыр. Сондықтан да екі елге де бірінші кезекте өнертапқыштық пен зияткерлік еңбек нәтижелерін коммерцияландыруды жандандыру мәселелерін қамтитын инновациялар саласын одан әрі дамытудың пәрменді стратегиясы қажет.

Зерттеудің мақсаты сандық мәндер мен индекстерді, сондай-ақ елдегі инновацияларды коммерцияландыру процесін басқарудың қазіргі тетігінің кемшіліктерін анықтау үшін Қазақстандағы және Ресейдегі инновациялық белсенділіктің басқа да көрсеткіштерін зерделеуден тұрады. Әлемдік кеңістіктегі Қазақстан мен Ресейдің орнын бағалау мониторингі ғылыми-техникалық саланы басқару, оны қолдау және қаржыландыру жөніндегі шешімдерді неғұрлым негізді қабылдауға ықпал етуі мүмкін.

Мақалада мемлекеттердің жоспарлы қызметіне елеулі әсер ететін және үкіметтің жұмысын бағалау құралы бола алатын халықаралық рейтингтер қарастырылған.

Нәтижелері және талқылануы. Халықаралық рейтингтердің әдіснамасы бір-бірінен ерекшеленеді, олар статистикалық ақпаратқа не сараптамалық бағалауларға негізделген. Балдарды есептеу әдістемесі жыл сайын жетілдіріліп отырады, осыған байланысты рейтингтегі елдердің жағдайы өзгереді.

Әртүрлі елдерді, өңірлерді, экономика салаларын олардың инновациялық дәрежесі бойынша саралау үшін индекстер жасау жөніндегі жұмыстар 1970-ші жылдары басталды. 2000 жылдардан бастап зерттеушілер инновациялық даму жөніндегі әртүрлі әдіснамаларды белсенді түрде әзірлей бастады, бұл ретте инновациялар индикаторы ретінде патенттік статистиканың пайдалылығына, өлшеудің инновациялық жүйелері саласына назар аударылды.

Жұмыста Organization for Economic Cooperation and Development, United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization деректері, ғылым мен инновацияның даму деңгейі бойынша Қазақстан мен Ресейдің позицияларын бағалауға халықаралық рейтингтердің деректері пайдаланылды. Төменде түрлі елдердің ғылымы мен технологияларының даму деңгейін салыстыруға мүмкіндік беретін халықаралық ұйымдардың ақпараттық банктерін қарастырамыз.

Көшбасшы-технологиялық елдер ғылымға инвестицияларды ұлғайтуға мүдделі және ЖІӨ – нің ғылымды қажетсіну көрсеткішін 2,7-4,3% деңгейінде қолдайды. ЖІӨ-нің ғылымды қажетсінуі Қазақстанда (0,1%) және Ресейде (1,1%) кұрайды, яғни елдің ғылыми-технологиялық қауіпсіздігі үшін осы көрсеткіштер шекті болып саналады. Бұл төмен деңгей коммуникациялық байланыстардың жеткіліксіз көлемімен, ғылыми ұйымдардың нақты бизнеспен өзара іс-қимыл нысандарының шектеулігімен, бюджеттік қаржыландыруға тәуелді болуымен байланысты.

Әлемдік нарықта технологиялармен және технологиялық сипаттағы қызметтермен Ресей саудасы әлі де айтарлықтай ауқымға жетпей отыр, дегенмен жоғары технологиялық өнімнің экспорты 7,0-ден 10,1 млрд. АҚШ долларын құрады (44,3% - ға). Ресейлік технологиялар экспортының төмен көлемі өндірістің жоғары шығындарымен және ғылыми әзірлемелерді жеткіліксіз қаржыландырумен түсіндіріледі.


Халықаралық ұйымдардың ақпараттық банктері негізінде әртүрлі халықаралық рейтингтер, оның ішінде елдердің инновациялық дамуының мамандандырылған рейтингтері қалыптастырылады. Оларды төменде қарастырайық.

Инновацияларды дамыту деңгейінің көрсеткіші бойынша Global innovation index (GII) рейтингі бірлескен жоба (INSEAD, Cornell University, World Intellectual Property Organization) шеңберінде 2007 жылдан бастап жүргізіледі. Индекс әлем елдерінің инновациялық дамуын егжей-тегжейлі сипаттайтын 82 түрлі айнымалылардан құрылған. Төменде 2017-2019 жылдардағы GII-дегі Қазақстан мен Ресейдің негізгі көрсеткіштері берілген (сурет 1).

2019 жылы Қазақстан GII -да 129 елдің арасынан 79 - орынды (2017 жылмен салыстырғанда 1-позицияны жоғалтты), Ресей - 46 орынды иеленді. Инновациялық тиімділік рейтингі бойынша соңғы үш жылда өзгерістер жоқ - Қазақстан 11-ші, Ресей 77-ші орында. Инновацияға жұмсалатын шығындар рейтингі бойынша: Қазақстан 2019 жылы 64 - і, Ресей-41-ші орындарда болды.

Айта кетерлік жайт, Қазақстан инновациялық дамуға салынған инвестициялар – енгізілген ресурстар бойынша, инновациялық қызметтің нәтижесіне қарағанда жоғары орында тұр. Қазақстанның рейтингі соңғы үш жылда енгізілген ресурстар бойынша өзгерген жоқ, 2019 жылы ол 64-орынға жетті. Ел «Инфрақұрылым» (тиісінше 60-шы, 67-ші орын) және «Шығармашылық саласындағы нәтижелер» (тиісінше 95-ші, 102-ші орын) критерийлері бойынша өз позицияларын нашарлатты. Республика GII индексі бойынша 2018-де кірісі орташадан жоғары 34 елдің арасында 19-шы орында,

Орта Азия елдері арасында 1-ші және Орталық Оңтүстік Азия елдері аймағында 3-ші орында тұр.



Сурет – 1. Global innovation index рейтингісіндегі Қазақстан мен Ресейдің орны

Ескерту: [3] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды

Ресей субиндекстерінің арасында білімді құру бойынша құзыреттіліктің болуы (Global Knowledge Skills) және ғылыми және инженерлік мамандықтар түлектерінің сапасы неғұрлым күшті тарап болып табылады. Ел «Шығармашылық саласындағы нәтижелер» өлшемі бойынша позициясын 62-ден 72-ге дейін төмендетті. Ресейден позицияларын жақсарту үшін зияткерлік меншік саласында цифрландыру, венчурлік инвестицияларды ұлғайту, инновациялық секторда коммуникативтік желіні арттыру талап етіледі.

The Global Competitiveness Index (GCI) экономикалық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші бойынша әлем елдерінің рейтингі World Economic Forum (WEF) әдістемесі бойынша жасалады, компания басшыларының статистикалық деректері мен жаһандық сауалнама нәтижелерінің комбинациясына негізделген.

1-кестеде GCI рейтингінің кейбір көрсеткіштері берілген.

Кесте 1 - Қазақстан және Ресей ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде, 2016-2018 жж.

Технологиялық дайындық және инновация бойынша субфакторлар	2016-2017	2017-2018	2016-2017	2017-2018
	<i>ҚР орны (Ұнай саны)</i>		<i>РФ орны (Ұнай саны)</i>	
	<i>138-ден</i>		<i>137-ден</i>	
Рейтинг бойынша	53(4,4)		43(4,5)	
Дерек көзі: [4, 5]	57(4,3)		38(4,6)	

The Global Competitiveness Index рейтингісінің нәтижелері бойынша 2018 жылы Ресей өз позициясын 2017 жылмен салыстырғанда 5 тармаққа көтеріліп

жақсартты, 38 орынды иеленді, ал Қазақстан керісінше, позициясын нашарлатты және 4 тармаққа түсіп, 57 орын алды (кесте 1). ҚР позицияларының нашарлауының негізгі себептері: ел бойынша кәсіпкерлік белсенділіктің құлдырауы; жобаларды ішкі несиелеудің шектеулі қолжетімділігі; ҒЗТҚЖ қаржыландырудың төмен деңгейі болып табылады.


Дүниежүзілік экономикалық форум есебінің нәтижелерін қарастырайық. Айта кету керек, 2013 жылдан бастап 2019 жылға дейін Қазақстан өзінің рейтингісін 50-ден 55-ке дейін төмендеткен болатын, ал Ресей позициясын 43 орында ұстап тұр (кесте 2).

Кесте 2 - Қазақстан және Ресей жыл сайынғы бәсекеге қабілеттілік туралы есепте 2018, 2019 жж.

Көрсеткіш	2018	2019	2018	2019
	<i>ҚР орны (Ұнай саны)</i>		<i>РФ орны (Ұнай саны)</i>	
	<i>140-тан</i>	<i>141-тен</i>	<i>140-тан</i>	<i>141-тен</i>
Рейтингте жалпы орны	59 (61,8)	55 (62,9)	43(65,6)	43(66,7)
Дерек көзі: [6]				

The IMD World Competitiveness Yearbook (WWW IMDB) дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік орталығы, Швейцариядағы IMD бизнес-мектебінің зерттеу тобы 1989 жылдан бастап жыл сайын 258 көрсеткішті пайдалана отырып құрастырылатын рейтингтерді жариялайды. 2018 ж. Қазақстан 38-ші орында, 2019 ж. - 63 елден 34 орында; Ресей 45 орында өзгеріссіз қалды.

IMD World Digital Competitiveness Ranking рейтингі бизнес, үкімет және жалпы қоғамда экономикалық өзгерістердің негізгі факторы ретінде сандық технологияларды енгізу мен зерделеуге елдердің қабілеттілігі мен дайындығын өлшейді. Қазақстан 2015 жылдан 2019 жылға дейін бұл рейтингте 35-орында қалды, ал Ресей 41-ден 38-орынға көтерілді (сурет 2). ICT Development Index көрсеткіші 2007 жылы 11 көрсеткіш (Интернетке, ұялы байланысқа, тележүйелерге, радиожүйелерге, АТ-инфрақұрылымын дамыту, т.б.) негізінде әзірленген, АКТ саласындағы әлемдік стандарттарды айқындайтын International Telecommunication Union әдістемесі бойынша есептеледі. 2017 жылы IDI индексі бойынша Қазақстан 52 орын (6,79 балл), Ресей - 45 орын (7,07 балл) алды.



Сурет – 2. Қазақстан мен Ресей IMD World Digital Competitiveness Ranking.

Ескерту: [7] әдебиет негізінде авторлармен құрастырылды

INSEAD, Human Capital Leadership Institute және The Adecco Group 2013 жылдан бастап жыл сайын the Global Talent Competitiveness Index (GTCI) рейтингін жариялайды, ол елдердің таланттарды дамытуға жұмсайтын ресурстар мен күш-жігерін, сондай-ақ адам капиталының сапасын бағалайды. 3-кестеде екі елдің GTCI кейбір көрсеткіштері қаралды.

Кесте 3 - Қазақстан мен Ресей The Global Talent Competitiveness Index рейтингінде, 2017-2019 жж.

	2017	2018	2019	2017	2018	2019
	ҚР орны (Ұнай саны)			РФ орны (Ұнай саны)		
<i>Көрсеткіш</i>	<i>118- ден</i>	<i>119- дан</i>	<i>125-тен</i>	<i>118- ден</i>	<i>119- дан</i>	<i>125-тен</i>
Рейтингтегі жалпы орны	53(45,43)	51(44,44)	56(41,79)	56(45,03)	53(44,22)	49(43,47)
Дерек көзі: [8]						

Қазақстан мен Ресей GTCI-2019 рейтингінде 125 елдің ішінде 56 және 49-шы орында тұр (кесте 3). Ресей өз рейтингін 2017 жылдан бастап 7 сатыға көтерді, ал Қазақстан «Инновациялық аумақтық кластерлерді дамыту» және

«ҒЗТКЖ-ға арналған шығыстар» бойынша бағалаудың төмендеуі есебінен өз позициясын нашарлатты. Қазақстанның «Қосылған құны жоғары экспорттық өнім» және «АКТ инфрақұрылымы» бойынша неғұрлым жоғары деңгейі бар (тиісінше 5 және 36-орын). ҚР «Инновациялық қызмет нәтижелері» бойынша позициясы өте төмен болып қалуда (89-орын). Біздің ойымызша, шетелден талантты қызметкерлерді тарту үшін, екі елдің үкіметтері білім беру мен білім орталықтарын инвестициялауға, бюрократияны қысқартуға және еңбек заңнамасын жеңілдетуге тиіс. Бүгінде таланттарды тарту үшін жоғары жалақы да, компаниялардағы сапалы менеджмент де маңызды.

E-Government Development Index рейтингінде елдердің позициялары: мемлекеттік билік органдарының web-қатысуы; телекоммуникациялық инфрақұрылым; адами капитал сияқты көрсеткіштерден құралады. 2018 жылы бұл тізімде Қазақстан 2016 жылдан бастап 6 позициядан айырыла отырып, 39 орын алды, ал Ресей осы кезеңде 3 позицияға 35-тен 32-орынға көтерілді.

Қорытынды. Әртүрлі халықаралық рейтингтердегі ғылыми-технологиялық саланың көрсеткіштерін қарап, екі елде жеке технологиялардың дамуы ҒЗТКЖ-ға мемлекеттік шығыстардың төмен деңгейімен шектелетінін [9], соның салдарынан экономикада ғылыми әзірлемелерді пайдаланудың нәтижелілік көрсеткіштерінің төмендеуін байқаймыз. Ғылыми-технологиялық әлеует деңгейін талдау және бағалау елдің экономикалық дамуы, технологиялық тәуелсіздік дәрежесі, елдің халықаралық рейтингтердегі орны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, бұл елдерге инновациялық дамудың өзіндік стратегиясын әзірлеуге, ғылыми және инновациялық саясатты жетілдіру үшін кедергілерді жоюға мүмкіндік береді. Қазақстан мен Ресей рейтингтеріндегі позицияларды жақсарту үшін зерттеулер мен әзірлемелерге, ғылыми қызметтің инфрақұрылымы мен ақпараттық қамтамасыз етілуіне инвестициялар салу, сондай-ақ халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық шараларын іске асыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
- 2 Стратегия научно-технологического развития Российской Федерации <http://pravo.gov.ru/proxy/ips/?docbody=&firstDoc=1&lastDoc=1&nd=102416645>
3. <https://www.globalinnovationindex.org/analysis-economy>
- 4.The Global Competitiveness Report 2017–2018 <http://www3.weforum.org/docs/GCR2017-2018/05FullReport/TheGlobalCompetitivenessReport2017%E2%80%932018.pdf>
- 5.The Global Competitiveness Report 2016–2017 <http://www3.weforum.org/docs/GCR2016-2017/05FullReport/TheGlobalCompetitivenessReport2016-2017FINAL.pdf>
- 6.The Global Competitiveness Report 2018 <http://www3.weforum.org/docs/GCR2018/05FullReport/TheGlobalCompetitivenessReport2018.pdf>

7. <file:///C:/Users/hp/Downloads/imd-world-digital-competitiveness-rankings-2019.pdf>

8. The Global Talent Competitiveness Index (GTCI) <https://gtcistudy.com/>

9. Рахметулина Ж.Б., Бержанова А.М. Қазақстанның ғылыми-технологиялық дамуды сипаттайтын көрсеткіштер бойынша халықаралық рейтингтердегі орны // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. -Нур-Султан, 2020. -№2(39). - 87-96 б.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЕТ ЕЛДЕР ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ ТАЛДАУ

Сайлауов А.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ

Қазақстан, Орал қ.

Aslan150498@gmail.com

Зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы болып табылады. Зейнетақы жинақтары – шарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын, инвестициялық табысты, өсімпұлды және өзге де түсімдерді қамтитын, салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында есепке алынатын ақшасы. Зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі деп республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақымен қамсыздандыру үшін қажетті, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалған, міндетті зейнетақы жарналарын және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ең төмен мөлшерін айтамыз. Заңға сәйкес зейнетақы төлемдерін алушы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдері және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері тағайындалған жеке тұлға болып табылады [1].

Зейнетақы жинақтаушы зейнетақы қоры есебінен төленеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде әрбір азамат өз табысынан зейнетақы жарнасын аударып, өз зейнетақысын жеке өзі дербес жинай алады. Сөйтіп, зейнетке шыққан кезде жинақталған ақша салымшыларға олардың жеке зейнетақы шоттарынан төленеді. Сонымен бірге аталған заңға сәйкес жұмыс істеушілер мен жұмыс берушілердің мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына аударатын